

## Анықтама

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы 2 «Ә» сыныбында сынып сағаты өтті.

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың тұлғалық дамуына, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және сынып ұжымын нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шара болып табылады. Бұл сынып сағаты арқылы әр оқушы өзін жеке тұлға ретінде тануға, өз ойын еркін жеткізуге, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Сынып сағатының негізгі мазмұны «мен» ұғымы арқылы оқушының өзін-өзі тануына, өзінің мінез-құлқы мен қабілеттерін бағалай білуіне бағытталады. «Сен» ұғымы арқылы айналасындағы адамдарды түсіну, оларды сыйлау, өзгенің пікірімен санасу, мейірімділік пен төзімділік көрсету дағдылары қалыптастырылады. Ал «біз» ұғымы сыныпты біртұтас ұжым ретінде қабылдауға, ортақ мақсатқа бірге ұмтылуға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелейді.



Сынып сағаты барысында түрлі пікір алмасулар, топтық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар және шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, өзара сенімділік пен достық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар бір-бірін тыңдауға, ортақ шешім қабылдауға және ұжымдық жауапкершілікті сезінуге үйренеді.

Қорытындылай келе, «Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, өзара сыйластық пен түсіністікті арттыруға, жағымды психологиялық ахуал орнатуға ықпал етеді. Бұл іс-шара оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне және болашақта қоғамда өз орнын табуына негіз қалайды.

**Жауапты ДТЖО**